



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 15 қараша

Данияр Ақышев: «Қаржы нарығында ұрпақтар байланысы байқалады, диалог, бір бірін естуге және үйренуге деген ықылас бар»

Алматыда Қазақстан қаржыгерлері конгресінің VII отырысы өтті, онда Ұлттық Банк Төрағасы Данияр Ақышев құттықтау сөз сөйледі.

Өзінің кіріспе сөзінде ол алдыңғы Конгресс өткен сәттен бері көп уақыттың өткенін және көптеген нәрсенің өзгергенін атап өтті. Сол кезде өзекті болған жоспарлар қазір басқаша болып көрінеді. Әлем жаңа сын-қатерлер жағдайында жылдам өзгеруде.

«Жаңа технологиялар ықпалымен барлық процестер дерлік, қоғамдық және экономикалық процестер жылдамдады», - деді Д. Ақышев. Оның айтуынша, ақпараттық ағын мен оның таралу жылдамдығы шешімдер қабылдау ортасын толығымен өзгертті. Сонымен бірге институционалдық орта, ойын ережелері және нарыққа қатысушылар да өзгерді.

«Жаһандану мен жаңа технологиялар, Дүниежүзілік сауда ұйымына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке интеграциялану – күн тәртібінде тұрған шынайылықтың бір бөлігі ғана», - деді ол.

Д. Ақышев оңай жолдан өтпегенімізді де атап өтті: көптеген сын-қатерлер мен дағдарыстар болды, бірақ бұл – алға қарай жылжуға көмектесетін баға жетпес тәжірибе. «Егер «тарихи» зерде мен адами капитал аяқ астынан қажетсіз болып немесе ұмытылып қалған жағдайда, ешқандай жаңа технология бізді болашақтың қателігінен сақтай алмайды», - деді сөйлеген сөзінде қаржы реттеушісінің басшысы.

Ұлттық Банктің басшысы атап өткендей, технологиясына қарамастан кез келген табысты қаржы институтының артында адам тұрады және өзгеру жылдамдығы қандай болса да, қандай да болсын технология жасалса да, тек адам ғана гүлденуді және кез келген істі табысты жасауға қабілетті.

«Қазір осы залда Қазақстанның қаржы жүйесін қалыптастыруға және дамуына белсенді қатысқандар және қазіргі кезде осы секторды алға жылжытып отырғандар отыр», - деп атап өтті Д. Ақышев. Бұл ретте, қаржы нарығында ұрпақтардың байланысы барынша байқалуда, сұхбат пен тыңдау шеберлігі және бір бірінен үйрену бар екенін атап өтті.

«Сондықтан елдің қаржы жүйесінің алдында қандай қатер тұрса да, біліктілік пен тәжірибе, оптимизм мен даналық, керітартпалық пен жаңашылдық, қарапайым адами қасиеттер кейбір жағдайларда бір бірімен үйлеспейтін жағдайлар біздің болашақтағы табыстарымыздың негізі болары хақ», - деді Д. Ақышев.

Ұлттық Банктің Төрағасы қорытындылай келе, осы Конгрестің жаңа міндеттерді қоюға және Қазақстанның қаржы секторының одан әрі дамуы мен экономикасының гүлденуі үшін қаржы нарығының барлық қатысушысы арасындағы табысты ынтымақтастық жасауға мүмкіндік береді деген сенімін білдірді.

Қаржы реттеушісінің жүйелілігі, айқындылығы және болжамдылығы экономика мен қаржы секторының орнықты дамуының факторы ретінде – Данияр Ақышев

Бүгін Алматы қ. Қазақстан қаржыгерлері конгресінің VII отырысы өтті. ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев өзінің баяндамасында экономика мен қаржы секторының орнықты дамуының негізгі факторын атап өтті.

Оның айтуы бойынша, қаржы реттеушісінің жүйелілігі, айқындылығы және болжамдылығы экономика мен қаржы секторының орнықты дамуының факторы болып табылады.

«Ультраконсервативтік институт бола отырып, орталық банк суперақпарат ғасыры және оны таратудың супержылдамдығы талап етіп отырған стандарттарға сәйкес келуді мәжбүрлейді.

Мақсаттың барынша жоғары негізделу қағидатымен ақша-кредит саясатының транспаренттілігіне өту қажетті барлық ақпаратты ашуды талап етеді. Осы жағдайларда ғана орталық банктің қызметі тиімді жұмыс істеуі мүмкін, ал табыстың жартысынан көбі оның саясатына сенімнің болуында жатыр», - деді Д. Ақышев.

Қаржы реттеушісінің басшысы Ұлттық Банктің қойылған мақсатқа жету үшін жүйелілік, айқындылық және болжамдылық қағидаттарын қолдайтынын айтты.

Д. Ақышевтың айтуы бойынша, орталық банк саясатының жүйелілігі, айқындылығы және болжамдылығы оны экономика субъектілерінің тарапынан дұрыс түсінуге және олардың тиімді іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік жасайды, ал нәтижесі әлеуетті қаржы шығындарын барынша азайту болады.

Саясаттың бірізділігі, Д. Ақышевтың айтуынша, бұл ең алдымен, негізгі мақсатты бұлжытпай басшылыққа алу. Халықтың және нарықтың орталық банктің негізгі мақсатқа, әсіресе ақша-кредит саясаты саласында дереу қол жеткізу қабілетін қамтамасыз етпейді және сол себепті негізгі мақсатқа қол жеткізу қалыптасқан талаптарға тәуелді болмай сақталуға тиіс.

«Біз өз таргетімізді нақты айқындадық – 2020 жылға инфляцияны 4%-дан төмен деңгейге дейін біртіндеп төмендету және бұдан әрі оны осы деңгейде ұстап тұру. Неліктен 4%? Біздің пікіріміз бойынша, Қазақстанның дамып келе жатқан экономикасы жағдайында бұл деңгей тұрақты және үдемелі экономикалық өсуді қолдауға барынша ықпал ететін болады», - деді Д. Ақышев.

Ол, бұл ретте жалған күтулердің алдын алу үшін Ұлттық Банктің мүмкіндіктерінің шегін белгілеу маңызды деп атап өтті: «Экономикалық практикаға қарай, монетарлық әдістермен экономикалық проблемалардың соңғы шекті жиынтығын шешуге болады. Мысалы, ақша эмиссиясы арқылы ұзақ мерзімді экономикалық өсімді ынталандырудың мәні жоқ, сонымен қоса, жағымсыз елеулі салдары болуы мүмкін. Бұл сабақты дамыған елдер жақсы меңгерген, олар орталық банкке толығымен осындай функцияларды жүктеуден бас тартқан. Осындай сабақты біз өткен ғасырдың 90-жылдарының басындағы жағдайдан алдық, ол кезде Қазақстанда экономикалық проблемаларды Ұлттық Банк есебінен шешуге тырысқан.».

Ақышевтың айтуынша, орталық банк қызметінің айқындылығында қабылданатын шешімдердің негізінде жатқан факторларды нақты түсіндіру тұр. Бұл орталық банк пен экономика субъектілері арасында ақпараттық асимметрияны төмендетуге және оларда оңтайлы күтулерді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Біз ақша нарығындағы операциялар, оларды қандай да бір жағдайда пайдаланудың негізі, ықтимал тәуекелдер мен нәтижелер туралы ақпаратты жария етеміз. Бұдан басқа, нарыққа саясатымыздың бағыты туралы белгі бере отырып, базалық мөлшерлемеге қатысты одан әрі әрекет етуге қатысты бағыттарды береміз, валюта

нарығы бойынша ақпаратты жариялаймыз және ондағы әрекетімізді ашамыз. Ұлттық Банктің операциялары ашық, бұл халық үшін де, нарық қатысушылары үшін де маңызды, себебі теңгенің айырбастау бағамы түрлі ақпаратқа ерекше сезімтал болып қалады. Бұл жерде ахуал туралы біздің түсініктемеміз, банктердің клиенттер арасында түсіндірме жұмыстары ғана емес, сонымен бірге қоғаммен жүйелі түрдегі диалогтың да маңызы бар», - деді Д.Ақышев.

Үшінші қағидатқа қатысты Д. Ақышев болашақтағы экономикалық жағдай бойынша ғана емес, сондай-ақ саясаттың кейінгі шаралары бойынша бағдарлар да ұсынылуға тиіс, бұл саясатқа **болжам жасауды** арттырады: «Күтулер тиісті құбылыстар: инфляциялық күтулер – инфляцияны, девальвациялық күтулер – ұлттық валютаның әлсіреуін, дағдарысты күту – дағдарыстың өзін болдырады.

Болжам жасау, Д.Ақышевтың айтуынша, белгісіздікті төмендетуге әкеледі және ақша-кредит саясаты бойынша болашақ шешімдерді дұрыс болжау қаржы нарықтарының қабілеттілігінде көрсетіледі: «Сондықтан нарықтық күтулерді сәтті реттеу үшін орталық банк нарыққа экономикалық көрсеткіштердің кейінгі үрдістері туралы нақты белгілер береді. Осы тәсілмен ғана «зәкірлі» күтулер және олардың тұрақтылығын қолдау мүмкіндігіне қол жеткізіледі.».

Д. Ақышев сөзін қорытындылай келе жүйеліліктің, айқындылық пен алдын ала болжамның Қазақстан Ұлттық Банкі 2015 жылғы тамызда өткен инфляциялық таргеттеу режиміне тән екендігін атап өтті. Аталған қағидаттар инфляцияның тиімді төмендеуіне және саясаттың басқа мақсаттарына қолжеткізуге әсер етеді, сондықтан да Ұлттық Банк оны дамыту үшін бар күшін салады.

Данияр Ақышев Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасы туралы

Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасының жылдамдығы және жедел нәтижені көздеуі оның ерекшелігі болып табылады. Ол туралы Алматы қаласында өткен Қазақстан қаржыгерлері конгресінің VII отырысында сөйлеген сөзінде ҚР Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев айтты.

«Біз қаржы секторын дамытуға, атап айтқанда банк секторын қолдауға қатысты саясатымыздың түсінікті болғанын қалаймыз. Ұзақ уақыт бойы әзірленген ұзақ мерзімді дамыту бағдарламаларының орнына, іс-шаралар жоспарын жасадық және бастапқы міндеттерімізге барлық кезде қолжеткізе қоймадық, Ұлттық Банк нақты міндеттерді шешуге көшті», - деп хабарлады Д. Ақышев.

«Банк секторының қаржылық орнықтылығын арттыру бағдарламасының ерекшелігі оның жеделдігі мен жылдам нәтижеге қол жеткізуді көздеу болып табылады. Оның бірінші мақсаты – ірі банктерді үстеме капиталдандыру», - деп атап өтті қаржы реттеушісі.

Д. Ақышев, қазірдің өзінде Бағдарлама шеңберінде Үкімет пен Ұлттық Банктің Казкоммерцбанкті қолдау шараларын іске асырғанын хабарлады. Нәтижесінде банкті қалыпқа келтіру жүзеге асырылды, одан басқа мемлекет экономикалық айналымға тартылатын және қосымша құнды қамтамасыз ететін, соның ішінде қоғам мен мемлекет үшін активтер пулын алды.

Ұлттық Банк басшысы басқа банктердің бағдарламасына қатысуға рұқсат алу бойынша шешімдер қабылданғанын еске салды. Бұл - қалыпты бизнес моделі мен даму стратегиясы бар банктер. Олардың акционерлерінің алдында банктерді ортақ үстеме капиталдандыру, активтердің сапасын жақсарту және қарыз портфелі бойынша резервтерді үстеме қалыптастыру бойынша нақты міндеттемелер тұр.

«Бағдарлама шеңберінде біз салымшылар-жеке тұлғалардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету үшін РБК банкті қалыпқа келтірудеміз. Шешімнің ерекшелігі – зиянды ірі кредиторлармен бөлу арқылы банкті қалыпқа келтіру болып табылады. **Шын мәнінде, бұл Қазақстандағы еркін bail-in алғашқы тәжірибесі, ол ірі қаржы институтын қалыпқа келтіруге әкеледі.** Мұндай банктердің акционерлеріне банкті үстеме капиталдандыру, проблемалық қарыздар портфелін есептен шығару бойынша жоғары міндеттемелер жүктеледі» - деп түсіндірді Д.Ақышев.

Ол бағдарламаның жекелеген бағыты – Ұлттық Банктің қадағалау мандатын күшейту деп айтып өтті. Басты мақсат – аз шығынды тетіктер мен болашақта салық төлеушілердің ақшасын сақтау есебінен қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу. Бұл үшін тәуекелдерді ескерту мақсатында қадағалаудың алдын-алу шараларының пайдасына нысандандырылған тәсілдерден кету қажет болады.

«Бағдарламаны іске асыру инфляция бойынша мақсатқа қол жеткізгенде қайшылықтарға жол бермейді. Банк ұсынған ресурстардың барлығы іс жүзінде бір-бірімен байланысты, яғни нақты тапсырманы іске асыру үшін бөлінеді, ал іске асыру тетігі «айналымдағы» ақшаны емес, банк капиталында есепке алынатын құралдарды ұсынуды көздейді. Осы сияқты әрекеттерді отандық қор нарығын қайта дамытуға қатысты қолданамыз. Қазіргі уақытта Үкімет пен Ұлттық Банктің қор нарығын жандандыру жөніндегі кешенді іс-қимылдар жоспары пысықталуда. Онда оларды іске асыру арқылы жедел нәтижелерге қол жеткізетін іс-шаралар ғана қамтылатын болады», - деп қорытындылады Д.Ақышев.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz